# ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
## Ш Е Ш І М

2024 жылғы 19 қаңтар №7119-23-00-2/15572 Астана қаласы

Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы судья А.К.Кусманова, оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібінде қозғалған электрондық азаматтық істі қарады:

**ТАЛАП ҚОЮШЫ:**
Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны

**ЖАУАПКЕРЛЕР:**
«Guardian Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі
«GIZADENT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

**ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:**
мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
тұрақсыздық айыбын өндіру туралы

**ҚАРАР БӨЛІГІ:**

АПК-нің, 223-226-баптарын басшылыққа алып, сот

**ШЕШІМ ЕТТІ:**

Талап қою арызы қанағаттандырылсын.

Жауапкер «Guardian Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «Guardian Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 453 334 (төрт жүз елу үш мың үш жүз отыз төрт) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 13 600 (он үш мың алты жүз) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер «Guardian Logistics» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер «GIZADENT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекеттік сатып алудың жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Жауапкер «GIZADENT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасы Президентінің Іс басқармасы Медициналық орталығының ауруханасы» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорны пайдасына 27 000 (жиырма жеті мың) теңге тұрақсыздық айыбы өндірілсін, 810 (сегіз жүз он) теңге мемлекеттік бажға төленуі тиіс сот шығысы өндірілсін.

Жауапкер «GIZADENT» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі мемлекет кірісіне 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Егер жауапкер талап қоюдың келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатыны туралы тиісті түрде хабарландырылмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда, ол шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмесін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге – осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткеннен кейін, ал егер арыз берілсе, осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы сот ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзімде Астана қаласының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты арқылы Астана қаласы сотының азаматтық істер жөніндегі сот алқасына апелляциялық шағым берілуі, прокурормен апелляциялық өтінішхат келтірілуі мүмкін.

**Судья**
Копия верна: **А.К. Кусманова**
**Судья**
Справка: Решение вступило в законную силу 26 февраля 2024 года. **А.К. Кусманова**
**Судья** **А.К. Кусманова**